

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру аясында
мектепке дейінгі ұйымдағы жеке пәндерді дамыту»**
(Мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі , тіл дамыту, бейнелеу өнері қоршаған
орта және дене тәрбиесі нұсқаушыларына арналған)

Дайындаған «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., доцент Н.Б. Есенова

**Бағдарлама төмендегі нормативті құжаттарды ескере отырып
әзірленген:**

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>, «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>, Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>, Педагогикалық әдептің кейбі рмәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>, Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл курс мектепке дейінгі ұйымдардағы жеке пәндер бойынша мамандандырылған педагогтерді кәсіби тұрғыдан дамытуға арналған білім беру бағдарламасы болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған ортамен танысу және дене тәрбиесі пәндеріне жетекшілік ететін педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға арналған. Курстың мазмұны қазіргі заман талаптарына сай мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жетілдіру, жеке пәндердің рөлін арттыру және тәрбие мен оқыту процесінің сапасын жүйелі түрде көтеруге бағытталған. Курс аясында тәрбиешілер мен пән нұсқаушыларына теориялық және практикалық білім беру арқылы олардың әдістемелік, шығармашылық және инновациялық құзыреттіліктерін жетілдіру көзделеді.

Курстың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған орта және дене тәрбиесі секілді пәндердің білім беру мазмұнын заманауи әдістермен толықтырып, балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және физикалық дамуына жан-жақты жағдай жасау. Сонымен қатар курс педагогтың жеке кәсіби бейнесін қалыптастыруға, рефлексия жүргізу дағдыларын дамытуға, және баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту ортасын құруға ерекше назар аударады.

Оқу бағдарламасы аясында педагогтерге инновациялық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық құралдар, ойын әдістері, жобалық оқыту, интеграцияланған сабақ үлгілері және зерттеушілік оқыту элементтері ұсынылады. Қатысушылар өз тәжірибесіне сүйене отырып, нақты жағдайларды талдау, сабақ жоспарларын құру, баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеу стратегияларын жасау сияқты практикалық жұмыстарды орындайды.

Сонымен қатар, пән мазмұнын баланың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдеу, шығармашылық әлеуетті дамыту, сондай-ақ заманауи білім беру стандарттары мен бағдарламаларымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, педагогикалық рефлексия, кәсіби өзін-өзі жетілдіру, және инновациялық тәсілдерді меңгеру дағдыларына да ерекше көңіл бөлінеді.

Курс форматы – аралас: дәрістер, практикалық сабақтар, шеберлік сағаттары, топтық талдау, пікірталас, кейс әдістері және рефлексивті тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай көпқырлы тәсіл педагогтің өзін-өзі кәсіби жетілдіруіне, шығармашылық белсенділігін арттыруға және ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуына жол ашады.

Оқыту қорытындысында педагогтар мектепке дейінгі білім беру мазмұнын тиімді жоспарлап, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ жүргізуге дайын болады. Сонымен қатар, олар қазіргі заманғы білім беру тенденцияларына жауап бере алатын, кәсіби рефлексия жүргізе алатын, сапалы нәтижеге бағытталған педагог ретінде қалыптасады.

Курстың соңында педагогтар білім беру мазмұнын жүйелі құрастыруға, баланың танымдық, шығармашылық және физикалық дамуына ықпал ететін жаңа тәсілдерді өз қызметінде қолдануға мүмкіндік алады.

2. ГЛОССАРИЙ

Білім беру процесі – мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу, оқыту және дамыту әрекеттерінің біртұтас жүйесі.

Инновациялық технологиялар – педагогикалық процесте жаңашыл тәсілдер мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеуді тиімді ұйымдастыру әдістері.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтің өз ісін сапалы, нәтижелі және шығармашылықпен атқаруына мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Сөйлеуді дамыту – мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу, дұрыс дыбыстау және тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру процесі.

Көркем әдебиет – балаларға арналған әдеби шығармалар (ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, әңгімелер), олардың тіл байлығын, эстетикалық талғамын және дүниетанымын дамыту құралы.

Қоршаған орта – баланың өмір сүретін табиғи және әлеуметтік кеңістігі, яғни адам, табиғат және қоғам арасындағы байланыстар жүйесі.

Экологиялық тәрбие – балаларға табиғатты қорғау, күту, оған жанашырлықпен қарау дағдыларын қалыптастыру процесі.

Заттық әлем – баланы қоршаған тұрмыстық заттар, ойыншықтар, көлік, құрал-жабдықтар мен олардың қызметімен таныстыру жүйесі.

Құрастыру – дайын бөлшектерден (қағаз, құрылыс материалдары, табиғи материалдар) белгілі бір бұйым немесе бейне жасау әрекеті. Ол баланың логикалық ойлауын, кеңістікті елестету және ұсақ моторикасын дамытады.

Мүсіндеу – жұмсақ материалдармен (сазбалшық, пластилин, қамыр) жұмыс жасау арқылы көлемді бейнелер мен заттар жасау процесі. Бұл әрекет саусақ моторикасын дамытып, баланың елестету және бейнелеу қабілетін жетілдіреді.

Жапсыру (аппликация) – қағаз, мата, жіп және басқа материалдардан қиып алып, жазық бетке орналастыру арқылы көркем бейне жасау тәсілі. Жапсыру баланың көркемдік талғамын, түстерді ажырату және үйлестіру қабілетін арттырады.

Дене тәрбиесі – баланың қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған пәндік бағыт.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, құрылымына және күтілетін нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік талаптар жиынтығы.

Педагогикалық рефлексия – тәрбиеші өзінің кәсіби қызметіне, әдістеріне, нәтижесіне талдау жасап, оны жетілдіру жолдарын іздестіру қабілеті.

Ойын әрекеті – баланың айналасындағы әлемді тану, қарым-қатынас жасау, ересектер мен құрдастар тәжірибесін меңгеру тәсілі. Ойын – мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі іс-әрекеті.

Құндылықты-бағдарлы оқыту – баланың бойында адами құндылықтарды (патриотизм, сыйластық, мейірімділік) қалыптастыруға бағытталған оқыту жүйесі.

Интеграцияланған сабақ – бірнеше пән немесе сала элементтерін біріктіре отырып жүргізілетін біртұтас оқу әрекеті.

Дамытушы орта – баланың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасайтын, арнайы ұйымдастырылған білім беру кеңістігі.

Оқыту нәтижесі – оқу процесінің соңында оқушыда қалыптасатын нақты білім, білік, дағды немесе құндылықтар жүйесі.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Нормативтік-құқықтық құжаттар. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы зерделенген.
Модуль 2. Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары.	Пәндік мазмұнды жаңарту арқылы танымдық, шығармашылық және тілдік қабілеттерді дамыту. Жеке пәндердің оқу мазмұнына заманауи әдістермен жаңаша көзқараспен оқыту. Пәндердің мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін жаңартылған мазмұнға сәйкестендіру. Интеграцияланған сабақтар арқылы пәндер арасындағы байланысты көрсету. Заманауи педагогикалық технологиялар мен цифрлық ресурстарды қолдану. Пән мазмұнын жас ерекшеліктері мен даму деңгейіне бейімдеу. Шеберлік сағаттары, практикалық жаттығулар және топтық талдаулар. Ойын әрекеті жоспарларын тиімді құру және құрылымдау. Пәндік бағыттағы оқыту әдістерінің тиімділігін тәжірибеде қолдану. Педагогтердің кәсіби тәжірибесін байытуға арналған әдістемелер. Баланың қызығушылығын арттыруға бағытталған ойын және визуалды әдістердің тиімділігі. Пәндік мазмұнды жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстар мен рефлексия құралдары. Педагогтің тұлғалық және кәсіби дамуындағы мотивациялық факторлар. Әдістемелік қолдау және кәсіби даму бағыты бойынша жүйелі бағдар беру жолдары. Пән нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілік ұғымы және оның құрылымы
Модуль 3.	Пәндік бағытта кәсіби өзін-өзі жетілдірудің

Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру.	әдістері. Оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық рефлексия жүргізу дағдылары. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану ерекшеліктері. АКТ құралдарын меңгеру арқылы цифрлық құзыреттілікті арттыру. Оқу мақсаттарын тиімді жоспарлау және ойын әрекеті құрылымын талдау. Шығармашылық және практикалық жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру. Пәндік мазмұнды баланың даму ерекшеліктеріне бейімдеу тәсілдері. Ұжыммен және ата-аналармен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті. Кәсіби жетістіктерді мойындау және үздік тәжірибені насихаттау. Педагогтің портфолиосын қалыптастыру және тиімді жүргізу.
Қорытынды бағалау	Баланың жан-жақты дамуына бағытталған интеграцияланған даму жобасы. «ҚОТБА» әдісі (<i>Қимыл – Ой – Тіл – Бейнелеу – Айнала</i>) Баланың тілін, қозғалысын, шығармашылығын және қоршаған ортамен байланысын ертегілік формада дамыту: «Қиял әлеміндегі саяхат»

4. МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ.

Курс мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардағы қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған ортамен таныстыру және дене тәрбиесі пәндері бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгерту, сондай-ақ әр балаға бағытталған шығармашылық, танымдық және коммуникативтік қабілеттерді дамытуға жағдай жасайтын тиімді педагогикалық орта құруды мақсат етеді.

Курс міндеттері:

- Педагогтардың мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеуге Арналған пәндік және әдістемелік білімдерін тереңдету;
- Қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған орта және дене тәрбиесі
- Пәндері бойынша инновациялық тәсілдер мен заманауи технологияларды меңгерту;
- Әр пән аясында балалардың жас ерекшеліктеріне сай шығармашылық, танымдық, коммуникативтік және қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту жолдарын көрсету;
- Оқу-тәрбие процесінде пәндерді ықпалдастыра отырып тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- Оқытудың ойын технологияларын, көрнекілік пен іс-әрекетке негізделген Әдістерді меңгеруге ықпал ету;
- Педагогтардың кәсіби құлшынысын арттырып, өздігінен ізденуге, тәжірибе алмасуға ынталандыру;
- Мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы білім беру ортасын қалыптастыруға

- Бағытталған жүйелі жұмыс жасау білігін дамыту.

Курстың практикалық маңыздылығы:

Бұл курс педагогтарға мектепке дейінгі ұйымдардағы қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған орта және дене тәрбиесі пәндерін оқытуда заманауи әдістемелік тәсілдерді нақты практикамен ұштастырып, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар мен тренингтер арқылы тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне сай жеке қабілеттерін анықтауға, дамытуға және олардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық, физикалық белсенділігін арттыруға қажетті дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, курс барысында педагогтар пән аралық байланыс арқылы білім мазмұнын ықпалдастыру, оқу қызметін ойын мен біріктіру, көрнекілік пен тәжірибеге негізделген әдістерді қолдану бойынша нақты практикалық үлгілер мен авторлық әдістемелермен танысады. Бұл өз кезегінде оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға, балабақшадағы пәндік бағыттардың мазмұнын жаңғыртуға және педагогтардың кәсіби дамуын жеделдетуге зор ықпал етеді.

Пәнаралық интеграцияны күшейту:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл тәсіл балалардың оқу қызметінде бірнеше пәндік бағытты (қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған ортамен таныстыру және дене тәрбиесі) бір-бірімен байланыстыра отырып, біртұтас білімдік орта құруға мүмкіндік береді. Пән аралық интеграция арқылы баланың ойлау, сөйлеу, қимыл және шығармашылық қабілеттері үйлесімді дамиды. Мысалы, табиғат туралы өлеңді жаттап, оны суреттеп, қимыл арқылы көрсету – баланың тілін, эстетикалық талғамын және дене белсенділігін қатар дамытады. Бұл әдіс оқу процесін балаға қызықты әрі түсінікті етіп ұйымдастырады, алған білімнің өмірмен байланысын арттырады. Сонымен қатар, педагогтар үшін интеграцияланған ойын әрекеттерін жоспарлау – кәсіби шеберлікті арттыру мен әдістемелік тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- Педагогтар мектепке дейінгі ұйымдардағы қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қоршаған орта және дене тәрбиесі пәндері бойынша заманауи әдіс-тәсілдерді меңгереді;
- Тәрбиешілер мен нұсқаушылар пән аралық интеграцияны тиімді жүзеге асыру арқылы балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасай алады;
- Оқу-тәрбие процесінде ойын, шығармашылық, қимыл және зерттеу әдістерін ұтымды қолдануға қажетті практикалық дағдылар қалыптасады;
- Балалардың тілдік қорын, танымдық белсенділігін, эстетикалық талғамын және қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін дамытуда педагогтар жеке тәсіл қолдана алатын болады;
- Педагогтарда кәсіби ынта-жігер, шығармашылық көзқарас және үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылыс артады;
- Мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы білім беру мен тәрбиелеуге бағытталған инновациялық орта қалыптасады;
- Курстан өткен мамандар өз тәжірибесінде жанартылған әдістемелерді енгізе отырып, оқыту сапасының артуына нақты үлес қоса алады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Бағдарлама негізгі 3 модуль және қорытындыдан тұрады:

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері

Модуль 2. Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары.

Модуль 3. Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру.

Қорытынды. Баланың жан-жақты дамуына бағытталған интеграцияланған даму жобасы. «ҚОТБА» әдісі(*Қимыл – Ой – Тіл – Бейнелеу – Айнала*)

Баланың тілін, қозғалысын, шығармашылығын және қоршаған ортамен байланысын ертегілік формада дамыту: «Қиял әлеміндегі саяхат».

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері педагогтар мен басшылар үшін өте маңызды. Бұл тақырып білім беру ұйымдарының жұмысы заң аясында ұйымдастырылуын, мемлекеттік стандарттар мен қағидаларға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Модуль 2. Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары.

Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары. Жеке пәндер бойынша (қазақ тілі, тіл дамыту, бейнелеу, қоршаған орта, дене тәрбиесі) білім мазмұнының жаңартылған талаптарын, заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды пәндік сабақтарға тиімді енгізу жолдарын, пәнаралық байланыс пен интеграцияланған тәсілдерді қолдану үлгілерін, педагогтерге арналған әдістемелік құралдар, ресурстар және практикалық ұсыныстармен қамтамасыз ету жолдары көзделген

Модуль 3. Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру.

Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру. Нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілік ұғымы және оның негізгі компоненттері (теориялық білім, әдістемелік шеберлік, тұлғалық қасиеттер), жаңартылған білім мазмұнына сай педагогикалық тәсілдер мен заманауи технологияларды меңгеру, тәжірибеге бағытталған сабақтар, шеберлік сағаттары мен тренингтер арқылы практикалық дағдыларды жетілдіру, әдістемелік қауымдастық, коучинг, тәлімгерлік сияқты кәсіби қолдау формаларын дамыту жолдары қарастырылған.

Қорытынды. Баланың жан-жақты дамуына бағытталған интеграцияланған даму жобасы. «ҚОТБА» әдісі(*Қимыл – Ой – Тіл – Бейнелеу – Айнала*). Баланың тілін, қозғалысын, шығармашылығын және қоршаған ортамен байланысын ертегілік формада дамыту: «Қиял әлеміндегі саяхат».

Жоба ертегілік оқиғалар арқылы баланың қиялын, тілін, ойлау қабілетін, шығармашылығын және қимыл-қозғалысын дамытуды көздейді.

«ҚОТБА» әдісі (Қимыл – Ой – Тіл – Бейнелеу – Айнала) арқылы пәндерді бір-бірімен интеграциялау негізінде сабақ құрылымы жасалады.

Әр ойын әрекеті ертегі желісіне негізделіп, баланы «Қиял әлеміне» саяхат жасауға жетелейді. Педагог баланың қызығушылығын оята отырып, тілдік тапсырмалар, шығармашылық жұмыс, қимыл жаттығулары мен танымдық ойындарды біріктіреді. Бұл жоба бала тұлғасын кешенді дамытуға, пәнаралық байланысты күшейтуге және оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған жолдары қарастырылады.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу процесін ұйымдастыру формасы мектепке дейінгі білім беру мазмұны мен балалардың жас ерекшеліктеріне сай икемделіп, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталады. Мектепке дейінгі ұйымда кеңінен қолданылатын негізгі оқу формаларына мыналар жатады:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) – нақты пәндер бойынша жоспарлы түрде өтетін оқу түрі.
2. Ойын арқылы оқыту – білім мазмұнын ойын түрінде беру арқылы баланың қызығушылығын арттыру.
3. Жобалық қызмет – балаларды зерттеушілікке, шығармашылық ойлауға баулитын интеграцияланған жұмыс түрі.
4. Серуен және бақылау жұмыстары – қоршаған ортамен танысу, табиғатты бақылау арқылы танымдық қызметті дамыту.
5. Шығармашылық шеберханалар мен бейнелеу сабақтары – эстетикалық тәрбие мен өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыру.
6. Қозғалыс және дене тәрбиесі жаттығулары – дене шынықтыру элементтері арқылы бала денсаулығын нығайту.
7. Кешенді, интеграцияланған сабақтар – бірнеше пән элементтерін біріктіріп өткізу арқылы баланың жан-жақты дамуына ықпал ету.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	лекция	Семинар, тренинг, мастер-класс	Тестілеу	Барлығы
1	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.	8	2		10
1.1	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2.09.2024ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-	4			4

	kazakhstan-halkyna-zholdauy-181416 Білім туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 .				
1.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 . Педагог мәртебесі туралы/ Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы (DOCX 45 Kb)/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html .	4	2		6
2	Модуль 2. Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары.	20	10		30
2.1	Пәндік мазмұнды жаңарту арқылы танымдық, шығармашылық және тілдік қабілеттерді дамыту	2			2
2.2	Жеке пәндердің оқу мазмұнына заманауи әдістермен жаңаша көзқараспен оқыту	2			2
2.3	Пәндердің мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін жаңартылған мазмұнға сәйкестендіру	2			2
2.4	Интеграцияланған сабақтар арқылы пәндер арасындағы байланысты көрсету	2			2
2.5	Заманауи педагогикалық технологиялар мен цифрлық ресурстарды қолдану		2		2
2.6	Пән мазмұнын жас ерекшеліктері мен даму деңгейіне бейімдеу		2		2
2.7	Шеберлік сағаттары, практикалық жаттығулар және топтық талдаулар	2			2
2.8	Ойын әрекеті жоспарларын тиімді құру және құрылымдау	2			2
2.9	Пәндік бағыттағы оқыту әдістерінің		2		2

	тиімділігін тәжірибеде қолдану				
2.10	Педагогтердің кәсіби тәжірибесін байытуға арналған әдістемелер	2			2
2.11	Баланың қызығушылығын арттыруға бағытталған ойын және визуалды әдістердің тиімділігі	2			2
2.12	Пәндік мазмұнды жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстар мен рефлексия құралдары		2		2
2.13	Педагогтің тұлғалық және кәсіби дамуындағы мотивациялық факторлар		2		2
2.14	Әдістемелік қолдау және кәсіби даму бағыты бойынша жүйелі бағдар беру жолдары	2			2
2.15	Пән нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілік ұғымы және оның құрылымы	2			2
3	Модуль 3. Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру.	10	20		30
3.1	Пәндік бағытта кәсіби өзін-өзі жетілдірудің әдістері	2	2		4
3.2	Оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық рефлексия жүргізу дағдылары	2	2		4
3.3	Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану ерекшеліктері	2	2		4
3.4	АКТ құралдарын меңгеру арқылы цифрлық құзыреттілікті арттыру		2		2
3.5	Оқу мақсаттарын тиімді жоспарлау және ойын әрекеті құрылымын талдау	2	2		4
3.6	Шығармашылық және практикалық жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру		2		2
3.7	Пәндік мазмұнды баланың даму ерекшеліктеріне бейімдеу тәсілдері	2	2		4
3.8	Ұжыммен және ата-аналармен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті		2		2
3.9	Кәсіби жетістіктерді мойындау және үздік тәжірибені насихаттау		2		2
3.10	Педагогтің портфолиосын қалыптастыру және тиімді жүргізу		2		2
4	Қорытынды бағалау	4	4	2	10
4.1	Баланың жан-жақты дамуына бағытталған интеграцияланған даму жобасы.«ҚОТБА» әдісі(<i>Қимыл – Ой – Тіл – Бейнелеу – Айнала</i>).	2	2		4
4.2	Баланың тілін, қозғалысын,	2	2	2	6

	шығармашылығын және қоршаған ортамен байланысын ертегілік формада дамыту: «Қиял әлеміндегі саяхат».				
	Барлығы:	42	36	2	80

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.	10 сағат	Лекция, семинар	Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. Нормативтік-құқықтық аспектілері тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Модуль 2. Жеке пәндер мазмұнын жаңғырту және әдістемелік қолдау жолдары.	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер, мастер-класс	Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар. Мультимедиялық презентациялар, видео-сабақтар.
3	Модуль 3. Пәндік бағыттағы нұсқаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және тәжірибені жетілдіру.	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар, тренингтер	Zoom, GoogleMeet, MicrosoftTeams, Moodle қолдану. Интерактивті тақталар, онлайн контент жасау (Canva, Kahoot, Prezi). Мультимедиялық презентациялар
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқу нәтижелерін бағалау курстың басында және соңында жүргізілетін салыстырмалы талдау арқылы тыңдаушылардың білім деңгейін анықтауға бағытталады. Педагогтардың жеке пәндер бойынша теориялық және әдістемелік құзыреттілігі мен кәсіби даму динамикасы бағаланады. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында алынған нәтижелер негізінде

олардың пәнді оқытудағы шеберлігі сараланады. Бағалау процесінде курс тыңдаушыларының пәнаралық байланысты қолдану қабілеті мен шығармашылық көзқарасы ескеріледі. Шеберлік сағаттары мен топтық жұмыс барысында белсенділік, ынтымақтастық және идеяларды қолдану шеберлігіне мән беріледі. Рефлексия мен өзін-өзі бағалау арқылы педагогтар өз жетістіктері мен даму бағыттарын анықтайды. Қорытынды кезеңде педагогтар әзірлеген әдістемелік материалдар мен жобалар талданып, тиімділігіне сараптама жасалады. Бағалауда нақты, ашық критерийлер мен дескрипторлар қолданылады. Тыңдаушылар портфолиосы арқылы курстан алған білімнің практикада қолданылу деңгейі көрсетіледі. Бағалау нәтижелері бойынша педагогтарға кері байланыс беріліп, кәсіби өсудің келесі қадамдары ұсынылады.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға(%)
Сабаққа қатысуы		-	10	10	10
Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушының белсенділігі (20)	Сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40
		Топтағы басқа тыңдаушылармен өз ара әрекеттесуі	5	5	
	Практикалық жұмыс(20)	Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	
		Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5	

Жиынтық бағалау	Тыңдаушының жеке/ жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5	5	5
	Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақ үзінділерін құрастыруы / эссе	5	5	5
Қорытынды тест		50	21-24	40

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

бағалау	орындау % - дегі ауқым	ұпайлар
1	90%-100%	21-25
2	75–89%	20-17
3	50–74%	16-14
4	50% -ден кем	13-дан аз

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курсты аяқтағаннан кейін педагогтарға олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге және мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновациялық әдістерді практикада қолдануға мүмкіндік беру мақсатында курстан кейінгі қолдау жүйесі ұйымдастырылады. Бұл қолдау педагогтардың кәсіби дамуын жалғастыруға, жаңа білім беру технологияларын меңгеруге және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға көмектеседі.

Курстан кейінгі қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Әдістемелік және ақпараттық қолдау:
 - Заманауи педагогикалық әдістер мен технологиялар бойынша жаңартылған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.
 - Электрондық кітапханалар мен дерекқорларға қолжетімділік беру.
 - Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа зерттеулер мен инновацияларды қамтитын ақпараттық хаттар, мақалалар мен нұсқаулықтар ұсыну.
1. Онлайн кеңестер және вебинарлар:
 - Педагогтарға оқыту және тәрбиелеу процесінде туындаған сұрақтары бойынша онлайн-кеңестер ұйымдастыру.
 - Белгілі бір тақырыптар бойынша тәжірибелі мамандар мен вебинарлар өткізу.

- Мектепке дейінгі білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін педагогтар арасындағы интерактивті платформалар құру.
 - Тәжірибе алмасу және кәсіби қауымдастықтар:
 - Педагогтарды кәсіби қауымдастықтар мен серіктестік желілеріне тарту.
 - Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәжірибе алмасу мақсатында дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.
 - Педагогтардың жаңа әдістерді енгізу бойынша өзара тәжірибе бөлісуін қамтамасыз ету.
1. Менторлық және кәсіби қолдау:
 - Жас мамандарға тәжірибелі педагогтар тарапынан менторлық қолдау көрсету.
 - Педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында кері байланыс беру және сараптамалық талдау жасау.
 - Оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби бағыт-бағдар беру.
 1. Жобалық және ғылыми-зерттеу қызметін дамыту:
 - Педагогтарға инновациялық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесу.
 - Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу мүмкіндіктерін ұсыну.
 - Педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған гранттық бағдарламалар мен біліктілікті арттыру мүмкіндіктері туралы ақпарат беру.
 - Қайта даярлау және біліктілікті арттыру мүмкіндіктері:
 - Курс аяқталғаннан кейін қосымша біліктілік курстарына, тренингтерге және семинарларға қатысуға ұсыныстар беру.
 - Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында сертификатталған бағдарламаларға қатысуға жағдай жасау.
 - Педагогтардың кәсіби дамуын жалғастыру үшін жаңа оқу бағдарламалары мен тренингтерді ұйымдастыру.

2. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – Оқуқұралы / С.Тұрғанбаева, Ә.Әмірова – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Мектепке дейінгі балаларға арналған қазақ тілі – Авторлар ұжымы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен – Нұр-Сұлтан, 2021.
3. Тіл дамыту. Мектепке дейінгі ересек топ – Редакциясы: Н. Құлжанова атындағы институт – Алматы: Арман-ПВ, 2020.
4. Бейнелеуөнері: мектепке дейінгі балаларға арналған – К.А. Елубаева – Алматы: Өрнек, 2020.
5. Қоршаған ортамен таныстыру – Г.Е. Меңлібаева – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
6. Дене тәрбиесі. Балабақшаға арналған әдістемелік құрал – С.Е. Қалиева – Алматы: Эверо, 2022.
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі – Нұр-Сұлтан, 2022.

8. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар —
С. Жиенбаева – Алматы: Тауар, 2021.
9. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін ұйымдастыру әдістемесі —
А. Құдайбергенова – Шымкент: Айқын, 2020.
10. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: мектепке дейінгі ұйымдарға арналған —
Г. Әбдібекова, С. Мұхамеджанова – Алматы: Білім, 2021.
11. Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі –
Л. Сейітова – Қарағанды: Болашақ, 2020.
12. Қоршаған ортамен таныстыру: әдістемелік нұсқаулық —: Р. Жұмабекова – Астана: Фолиант, 2022.
13. Тілдамыту: мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік құрал —
М. Оспанова – Алматы: Мектеп, 2021.
14. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар —Ә. Сарбасова – Өскемен: Шығыс, 2020.
15. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы оқыту әдістемесі –
Н. Есенғарина – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2021.
16. Мектепке дейінгі педагогика: теория және практика —Ж. Қайырбекова,
А. Мұханбетжанова – Павлодар: ЭКО, 2022.
- Қосымша цифрлық ресурстар:
1. www.nao.kz – Қазақстан Республикасының оқу-әдістемелік материалдары.
 2. www.ed.gov.kz – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты.
 3. www.stem.org – STEM білім беру ресурстары.
 4. www.montessori.org – Монтессори педагогикасының ресми платформасы.